**Казталов ауданы бойынша қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы**

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 15 наурыздағы № 57 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әділет басқармасында 2010 жылғы 19 сәуірде № 7-8-104 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 380 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы әкімдігінің 22.12.2016 № 380 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31 бабын, Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 "Халықты жұмыспен қамту туралы " Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын басшылыққа алып, еңбек нарығындағы жағдайды және жұмыстарды ұйымдастыруды жақсарту мақсатында, аудан ұйымдарынан түскен сұраныс пен ұсыныстарды ескеріп, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен накты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне және қоғамдық жұмыстарды жүргізетін ұйымдарға (келісім бойынша ) осы қаулыны орындау ұсынылсын.

3. Қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбегіне төленетін ақы жергілікті бюджеттен қаржыландырылады.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С. Молдашевқа жүктелсін.

*Аудан әкімі* *Е. Қалиев*

КЕЛІСІЛДІ:
Аудандық мәслихат хатшысы
_____________Ғазизов Е. Ғ.
15.03.2010 ж.

Казталов ауданының прокуроры
_____________Сабиров Р. М.
15.03.2010 ж.

Казталов аудандық ішкі
істер бөлімінің бастығы
_____________Бисенов Б. Б.
15.03.2010 ж.

Казталов аудандық қорғаныс
істері жөніндегі бөлім
бастығы
_____________Кабиров Е. Р.
15.03.2010 ж.

Казталов аудандық әділет
басқармасының бастығы
_____________Қайсағалиева Э. Б.
15.03.2010 ж.

Батыс Қазақстан облысының
әкімдігі, Батыс Қазақстан
облысының денсаулық сақтау
департаментінің Казталов
ауданының "Казталов аудандық
орталық ауруханасы"
мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорын директоры
_____________Магзомов З. Ж.
15.03.2010 ж.

Казталов аудандық туберкулез
ауруханасының директоры
_____________Мажитова М. Н.
15.03.2010 ж.

Аудан әкімдігінің
2010 жылғы 15 наурыздағы № 57
қаулысына қосымша

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |

| № | Мекемелер атауы | Қоғамдық жұмыс түрлері | Қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбегіне төленетін еңбек ақының мөлшері | Көлемі мен нақты жағдайлары |
|---|---|---|---|---|
| 1 | "Казталов ауданы Казталов ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | Елді мекендерді абаттандыру, көгаландыру, санитарлық тазалықтарын сақтау, күл қоқыстарын шығару, мекеме, кәсіпорын аумағын күтіп ұстау, қоршаған ортаны экологиялық жағынан сауықтыру.<br>Өзен–көлдердің маңын қоқыстардан тазарту және ауыз су құдықтарын санитарлық талапқа сай тазартып ұстау.<br>Мал және өсімдіктер аурулары мен шегірткеге қарсы күрес жұмыстарына қатысу, ауылдық округтердегі мал дәрігерлеріне көмектесу.<br>Балықтарды сақтап қалу мақсатында ойық ою жұмыстарына көмектесу.<br>Тұрғын үй, әлеуметтік сала объектілерінің құрылысын жүргізуге және жөндеу жұмыстарына көмектесу.<br>Саман, пеш тас соғу, қамыс плиталарын дайындауға көмекші.<br>Әлеуметтік сала мекемелерін қысқа әзірлеу, қи дайындау жұмыстарын жүргізу.<br>Ірі қара малын қолдан ұрықтандыру пунктеріне көмекші жұмысшылар жіберу.<br>Мектептердегі тұрмысы төмен отбасылары балаларына ыссы тамақ беруге байланысты аспазшыға уақытша көмекші жұмысшы.<br>Тұрғын үй-коммуналдық ұйымдарға елді-мекендер аумағын тазалауға жәрдемдесу және басқа да аумақтық қоғамдық жұмыстарға көмектесу.<br>Жол салуға және жөндеуге, су, газ, канализациялық коммуникация-ларын салуға көмектеседі. | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 2 | "Казталов ауданы Қараоба ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 3 | "Казталов ауданы Бостандық ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 4 | "Казталов ауданы Қошанкөл ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 5 | "Казталов ауданы Болашақ ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 6 | "Казталов ауданы Қайыңды ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 7 | "Казталов ауданы Тереңкөл ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 8 | "Казталов ауданы Бірік ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 9 | "Казталов ауданы Жалпақтал ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 10 | "Казталов ауданы Қарасу ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 11 | "Казталов ауданы Қараөзен ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| | "Казталов ауданы Талдықұдық ауылдық | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | Іс-қағаздарды жүргізу жұмыстарына хат–хабар тасымалдауға көмектесу. Тұрмысы төмен отбасыларына мал азығын даярлауға көмектесу. | | |
| 13 | "Казталов ауданы Талдыапан ауылдық округ әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 14 | "Казталов ауданы Көктерек ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 15 | "Казталов ауданы Жаңажол ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 16 | "Казталов ауданы Ақпатер ауылдық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | | | |
| 17 | "Казталов ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі | 1. Іс-қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу. 2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 18 | "Казталов аудандық қорғаныс істер жөніндегі бөлім" мемлекеттік мекемесі | 1. Іс-қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу. 2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 19 | "Казталов аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны | 1. Іс- қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу. 2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| | "Казталов аудандық | 1. Іс- қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу. | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 20 | туберкулез ауруханасы " мемлекеттік мекемесі | 2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | белгі-<br>ленген ең төменгі жалақы мөлшері | сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 21 | "Казталов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі | 1. Іс- қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу.<br>2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-<br>ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 22 | Казталов аудандық мәслихаты | 1. Іс- қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу.<br>2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-<br>ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 23 | Казталов аудандық ішкі істер бөлімі | 1.Ауылдық округтердегі учаскелік полиция инспекторларына іс–қағаздарды және басқалай құжаттарды толтыруға, таратуға көмекші | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-<br>ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 24 | Казталов ауданының прокуратурасы | 1. Іс- қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу.<br>2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-<br>ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші-лермен белгіленеді |
| 25 | Казталов аудандық әділет басқармасы | 1. Іс- қағаздарды жүргізу жұмыстарына, хат–хабар тасымалдауға көмектесу.<br>2. Мекеме айналасын тазалау, аббаттандыру және көгаландыру | ҚР бойынша жыл сайын жергілікті бюджет есебінен белгі-<br>ленген ең төменгі жалақы мөлшері | Қазақстан Республи-касындағы Еңбек заңдарына сәйкес жұмыс беруші- |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | лермен белгіленеді |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК